

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

2020 жылдың тамыз-қыркүйек айларында Халықаралық демократия күніне арналған іс-шаралар шеңберінде ТМД Парламентаралық Ассамблея Кеңесінің Хатшылығы «Әлемнің сайлау жүйелері» атты интернет олимпиада өткізді.

Олимпиадаға ТМД ПАА-ға мүше мемлекеттердің 56 жоғары оқу орындарынан: Әзірбайжан, Армения, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстаннан 721 студент қатысты.

Қазақстандық студенттер арасында Ақтөбе қаласынан да студенттер қатысқан болатын.

2020 жылдың 13 қарашасында, сағат 16.00-де, Ақтөбе облыстық сайлау комиссиясында, олимпиадаға қатысушылар: Қазақ-Орыс халықаралық университетінің студенттері - Роман Денисович Есеналинге, Виктория Сергеевна Гордееваға және Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің студенттері - Алуа Әлібиқызы Латыпқа, Лаура Жасқайратқызы Балписоваға салтанатты түрде сертификаттар табысталды. Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Г.Н.Күнбаева өзінің құттықтау сөзінде, ауқымы жыл сайын кеңейіп келе жатқан осындай халықаралық олимпиадалардың маңыздылығын, әсіресе Роман Денисович Есеналиннің өткен жылы Санкт-Петербуркте өткен студенттік дебаттың жеңімпазы болғандығын атап өтті.